

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрінің 2025 жылғы 22  
сәуірдегі № 185 бұйрығы

Министерство финансов Республики Казахстан

## Бюджеттік сұранымды жасау, ұсыну, қарау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 75-бабының 23-тармағына  
сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Бюджеттік сұранымды жасау, ұсыну, қарау  
қағидалары бекітілсін.


2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы  
департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан  
Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне  
ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің  
«Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты»  
шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына  
жіберілуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрлігінің интернет-ресурсында оның орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он  
күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы**  
**Қаржы министрі**

**М. Такиев**

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты  
құжатқа сілтеу QR-коды

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2025 жылғы 22 сәуірдегі  
№ 185 бұйрығымен  
бекітілген

**Бюджеттік сұранымды жасау, ұсыну, қарау  
қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Бюджеттік сұранымды жасау, ұсыну, қарау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 75-бабына сәйкес әзірленді және бюджеттік сұранымды жасау, ұсыну, қарау тәртібін айқындайды.

2. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік сұранымы шығыстар көлемін негіздеу үшін кезекті жоспарлы кезеңге бюджеттік бағдарламалар әкімшісі жасайтын және мемлекеттік органның функцияларын, өкілеттіктері мен құзыреттерін іске асыруды қамтамасыз ету жөніндегі оның қызметі туралы, мемлекеттік органның даму жоспарының немесе даму жоспары жобасының, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттарына және нәтижелер көрсеткіштеріне немесе Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының нысаналы индикаторларын іске асыруға қол жеткізу туралы мәліметтерді қамтитын бюджеттік құжаттаманы білдіреді және мынадай құжаттардан тұрады:

- 1) бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қызметінің паспорты;
- 2) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламалары бойынша жалпы мәліметтерді қамтитын бюджеттік бағдарламалардың паспорттары туралы біріктірілген жиынтық ақпаратты;
- 3) мемлекеттік органның бекітілген даму жоспары немесе даму жоспарының жобасы (мемлекеттік органдардың даму жоспарын әзірлейтін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері үшін);
- 4) бюджеттік бағдарламалар паспорттары;

5) есеп-қисаптар.

Бюджеттік сұранымның титулдық парағы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

## **2-тарау. Бюджеттік сұранымды жасау тәртібі**

### **1-параграф. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қызметінің паспорты**

3. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қызметінің паспорты бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қызметі туралы толық және дәйекті ақпаратты қамтиды.

4. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қызметінің паспорты осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады және мынадай ақпаратты қамтиды:

- 1) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің коды және атауы;
- 2) жетекшілік ететін саладағы (аядағы) мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары;
- 3) бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қызметінің нормативтік құқықтық негізі;
- 4) бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қызметінің мақсаттары мен нысаналы индикаторлары немесе функциялар, өкілеттіктер мен құзыреттер туралы мәліметтерді;
- 5) жауапты орындаушы немесе бірлесіп орындаушы бюджеттік бағдарламалар әкімшісі болып табылатын, қызметтің күтілетін нәтижелері көрсетілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының тізбесін;
- 6) функцияларын, өкілеттіктері мен құзыреттерін іске асыруға жоспарланған шығыстар көлемінің немесе Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын қысқаша сипаттамасы;
- 7) жоспарлы кезеңге арналған бюджеттік бағдарлама әкімшісінің шығыстарының жалпы сомасы және Мемлекеттік жоспарлау жүйесі

құжаттарының, бюджеттік бағдарлама әкімшісінің қызметінің көрсеткіштерін белгілейтін меншікті құжаттарының мақсаттарымен және нысаналы индикаторларымен байланыстыра отырып, бюджеттік бағдарлама әкімшісінің және оның ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметі туралы мәліметтер.

## **2-параграф. Бюджеттік бағдарламалардың паспорттары туралы біріктірілген жиынтық ақпарат**

5. Бюджеттік бағдарламалардың паспорттары туралы біріктірілген жиынтық ақпарат бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламалары туралы жалпы жиынтық мәліметтерді қамтиды.

6. Бюджеттік бағдарламалардың паспорттары туралы біріктірілген жиынтық ақпарат осы Қағидаларға 3 қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады және мынадай ақпаратты қамтиды:

- 1) Кодекстің 74-бабы 5 және 9-тармақтарында белгіленген блоктар бойынша бюджеттік бағдарлама әкімшісінің шығыстар лимиттері;
- 2) бюджеттік бағдарламалардың, нысаналы индикаторлардың және түпкілікті нәтижелердің жалпы саны;
- 3) көзделген бюджет қаражатымен өзара байланыстыру.

## **3-параграф. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламасының паспорты және оны әзірлеуге қойылатын талаптар**

7. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламасының паспорты шығыстар лимиттері негізінде және шегінде әзірленеді, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады және мынадай ақпаратты қамтиды:

- 1) жоспарлы кезең;
- 2) бюджеттік бағдарламаның коды және атауы;
- 3) мемлекеттік органдар функцияларының тізіліміне сәйкес мемлекеттік орган функциясының (функцияларының) коды және атауы;

4) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет коды және атауы;

5) бюджеттік бағдарламаның түрі;

6) бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі), ағымдағы мәртебесі;

7) бюджеттік бағдарламаның мақсаты;

8) мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бекітілген даму жоспарының немесе даму жоспары жобасының мақсаттары мен нысаналы индикаторлары немесе іске асыруға бюджеттік бағдарлама бағытталған Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының нысаналы индикаторлары (мемлекеттік органның даму жоспарларын әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламалары үшін) туралы мәліметтер;

9) бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) түпкілікті нәтижелерінің көрсеткіштері, олардың нәтижелері мен жоспарланатын шығыстардың көлемі көрсетілген іс-шаралар.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджеттік бағдарламалардың паспорты негізінде әзірленген түсіндірме жазбаны осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес жасайды.

8. Квазимемлекеттік сектор субъектілері жүзеге асыратын шығыстарды қамтитын бюджеттік бағдарламалардың паспорттарына квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму жоспарлары немесе даму жоспарларының жобалары немесе іс-шаралар жоспарлары және Кодекстің 119-бабына сәйкес жүргізілетін бюджеттік мониторинг нәтижелері қоса беріледі.

9. Даму жоспарларын әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының паспорттарына Кодекстің 148-бабы 8-тармағына сәйкес әзірленген мемлекеттік органның инвестициялық жоспары қоса беріледі.

10. Бюджеттік бағдарламаның паспорттын әзірлеу кезінде Кодекстің 75-бабының талаптары сақталуы тиіс.

11. Төмен тұрған бюджеттерге нысаналы даму трансферттерін және (немесе) бюджеттік кредиттерді беруге бағытталған жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалары әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының

паспорттарын республикалық немесе облыстық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың немесе аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарына оларға қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жеткізеді.

Төмен тұрған бюджеттерге нысаналы даму трансферттерін және (немесе) бюджеттік кредиттерді беруге бағытталған жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалары әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының паспорттарын аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттарына оларға қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жеткізеді.

#### **4-параграф. Есеп-қисаптар**

12. Есеп-қисаптар – бюджеттік бағдарламаларға жасалатын шығыстар көлемдерін негіздеуге арналған құжаттар мен материалдар жиынтығы.

Есеп-қисаптар бюджеттік бағдарламалар паспорттарының түпкілікті нәтижелеріне және (немесе) мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бекітілген даму жоспарының немесе даму жоспары жобасының нысаналы индикаторларына қол жеткізуге арналған шығыстарды бағыттау қажеттілігі ескеріле отырып жасалады.

Бұл ретте, мемлекеттік органның даму жоспарын әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламасына есеп-қисаптар бюджеттік бағдарламалар әкімшісі функцияларының, өкілеттіктері мен құзыреттерінің іске асырылуының жеткілікті қамтамасыз етілуі ескеріле отырып жасалады.

13. Шығыстардың түрлері бойынша есептеулер жоспарлы кезеңнің әрбір жылына арналған шығыстардың экономикалық сыныптамасының әрбір ерекшелігі бойынша іс-шаралар бөлінісінде Қағидаларға 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91 және 92-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жасалады.

14. Есептеулер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес қалыптастырылатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге бағалардың дерекқоры ескеріле отырып жасалады.

15. Тұрақты сипаттағы шартсыз базалық шығыстар бойынша есептеулер толық көлемде жасалады және тұрақты сипаттағы шартсыз базалық шығыстар бойынша қолданыстағы лимиттер аяқталған жылы ұсынылады.

16. Жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші жылында мына есептеулерді қоспағанда, барлық шығыстар бойынша есептеулер жасалады және ұсынылады:

тұрақты сипаттағы шартсыз базалық шығыстар бойынша есеп-қисаптар;  
республикалық бюджет туралы заңда немесе жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімінде осы бағдарламалар бойынша бекітілген (нақтыланған) сомамен салыстырғанда өзгермейтін есеп-қисаптар.

Осы бюджеттік бағдарламалар бойынша есептеулер тек үшінші жылға жасалады.

17. Егер жекелеген бюджеттік бағдарламалар бойынша алдыңғы жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші жылдарының шығыстар сомасы республикалық бюджет туралы заңда немесе жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімінде осы бағдарламалар бойынша бекітілген сомамен салыстырғанда өзгермесе, онда осы бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша шығыстар түрлері бойынша есептер жасалмайды, тек үшінші жылға ғана жасалады.

Егер жекелеген бюджеттік бағдарламалар бойынша алдыңғы жоспарлы кезеңнің екінші және (немесе) үшінші жылдарының шығыстар сомалары республикалық бюджет туралы заңда осы бағдарламалар бойынша бекітілген сомалармен салыстырғанда өзгерсе, онда шығыстар түрлері бойынша есептер жоспарланатын жоспарлы кезең жылдарының бөлінісінде жасалады және осы бағдарламаларға (кіші бағдарламаларға) ұсынылады.

18. Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыруға және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсетуге бағытталған бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың есептері олар болған кезде бекітілген заттай нормалар негізінде жасалады.

19. Шығыстардың есептеріне, сондай-ақ шығыстардың экономикалық сыныптамасының әрбір ерекшелігі бойынша шығыстардың түрлері бойынша

қосымша егжей-тегжейлі есептер мен негіздемелерге орталық атқарушы орган аппаратының басшысы (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы орган аппараты басшысының өкілеттігі жүктелген лауазымды адам), ал олар болмаған жағдайларда – мемлекеттік мекеменің басшысы немесе ол уәкілеттік берген адам не оларды жасауға жауапты мемлекеттік мекеменің құрылымдық бөлімшесінің басшысы, ал соңғылары болмаған кезде – тиісті бұйрықтармен міндеттерді орындау жүктелген тұлға, тиісті бұйрықпен айқындалған бюджеттік бағдарламаның басшысы және қаржы-экономикалық қызметтің басшысы (бұдан әрі – бас бухгалтер (қаржы-экономикалық бөлімнің бастығы) қол қояды.

20. Шығыстардың жиынтық есептеріне орталық атқарушы орган аппаратының басшысы (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы орган аппараты басшысының өкілеттігі жүктелген лауазымды адам), ал олар болмаған жағдайда – мемлекеттік мекеменің басшысы немесе ол уәкілеттік берген адам және бас бухгалтер (қаржы-экономикалық бөлімінің бастығы) қол қояды.

21. Бюджеттік сұранымға есептерді дайындау, оны бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің ішінде келісу және республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің ведомстволық бюджеттік комиссиясында қарау мерзімдері бюджеттік бағдарламалар әкімшісі басшысының бұйрығымен бекітілген тәртіппен жүзеге асырылады.

22. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға және (немесе) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органға Кодекстің 74-бабының 5-тармағының 1) тармақшасына сәйкес ағымдағы әкімшілік шығыстар бойынша егжей-тегжейлі есептерді ұсынбайды.

23. Осы Қағидалардың 22-тармағында көрсетілген шығыстар бойынша, бюджеттік бағдарламалар әкімшісі «Ағымдағы әкімшілік шығыстар» кіші бағдарламасы бойынша жалпы сома көрсетілетін мемлекеттік мекемелердің бюджеттік бағдарламалары (кіші бағдарламалары) бойынша шығыстардың жиынтық есебі және бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламалары (кіші бағдарламалары) бойынша шығыстардың жиынтық есебі нысандарын жасайды.

24. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері штат санының лимиттерін ұлғайту кезінде қосымша осы Қағидаларға 6, 7, 8, 9, 10, 11 12, 13, 14, 15, 16, 17,

18, 19, 20 және 21-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың есептерін ұсынады.

25. 111 «Еңбек ақы төлеу» ерекшелігі бойынша шығыстардың есептері осы Қағидаларға 6, 7, 8, 9, 10, 11 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20 және 21-нысандарға сәйкес 01-111, 02-111, 03-111, 04-111, 05-111, 06-111, 07-111, 08-111, 09-111, 10-111, 11-111, 12-111, 13-111, 14-111, 15-111-нысандар бойынша жасалады.

Көрсетілген нысандар бойынша есеп-қисаптарды жасау кезінде радиациялық қауіп аумақтарында тұрғаны және экологиялық апат аймақтарында тұрғаны үшін қосымша ақы есептеу кезінде «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа алған жөн.

01-111-нысан тиісінше 12-111, 13-111, 14-111 және 15-111-нысандары толтырылатын прокуратура органдарының, құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің, мемлекеттік өртке қарсы қызметтің, ішкі істер органдарының, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің, экономикалық тергеп-тексеру қызметінің, қылмыстық-атқару жүйесінің және кеден қызметтерінің қызметкерлерін, әскери қызметшілерді қоспағанда, мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстарды есептеуге арналған. Осы есептерді жасау кезінде «Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 150 Жарлығымен және «Мемлекеттік бюджет есебінен қамтылатын барлық органдар үшін бірыңғай қызметкерлерге еңбекақы төлеу жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 16 қазандағы № 646 ҚБПҰ қаулысымен (бұдан әрі – № 646 ҚБПҰ Қаулысы) бекітілген Санаттары бойынша мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімінің 2-бөлімін басшылыққа алған жөн. 01-111-нысан осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес жасалады.

02-111-нысан мемлекеттік саяси қызметшілердің, депутаттардың еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес жасалады.

02-111-нысан судьялардың, судьялыққа үміткер тағылымдамашылардың еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес жасалады.

02-111, 03-111, 12-111, 13-111, 14-111 және 15-111-нысандары бойынша есептерді жасау кезінде № 646 ҚБПҮ қаулысын басшылыққа алған жөн.

03-111-нысан № 646 ҚБПҮ Қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының шетелдегі дипломатиялық қызметінің персоналына еңбегіне ақы төлеуге және ақшалай қосымша төлемдерге арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес жасалады.

04-111-Нысан мемлекеттік білім беру мекемелері қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес жасалады

Осы есептерді жасау кезінде «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысын (бұдан әрі – № 1193 қаулы) басшылыққа алу керек. Осы нормативтік құқықтық актіні 05-111, 06-111, 07-111, 08-111, 09-111, 10-111 және 11-111-нысандар бойынша есептерді жасау кезінде де басшылыққа алу керек.

06-111-нысан мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелері қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес жасалады.

07-111-нысан мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру мекемелері қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес жасалады.

08-111-нысан мемлекеттік мәдениет және архив ісі мекемелері қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес жасалады.

09-111-нысан мемлекеттік дене шынықтыру және спорт мекемелері қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес жасалады.

10-111-нысан мемлекеттік білім беру, жоғары білім және ғылым, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және архив ісі, дене шынықтыру және спорт, құқық қорғау органдары, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі мекемелерін қоспағанда, өзге де мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес жасалады.

11-111-нысан мемлекеттік мекемелердің жұмысшыларына еңбекақы төлеуге арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес жасалады.

16 және 17-қосымшалар 131 «Техникалық персоналдың және келісімшарттық қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу» ерекшелігі бойынша шығыстарды есептеу үшін де қолданылады. Осы есептерді жасау кезінде № 1193 қаулыны басшылыққа алу керек.

12-111-нысан прокуратура органдары қызметкерлерінің (13-111-нысан толтырылатын Бас әскери прокуратураның, округтердің әскери прокуратуралардың, гарнизондар мен Қазақстан Республикасы әскерлері әскери қызметшілерін қоспағанда) еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстарды есептеуге арналған. 12-111-нысан осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес жасалады.

13-111-нысан ішкі істер органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеу қызметі, құқық қорғау органдары, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі органдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес жасалады.

19-қосымшаның 37-бағанында қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақы алатын құқық қорғау органдары, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі органдары қызметкерлерінің саны көрсетіледі, ал 19-қосымшаның 38-бағанында қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақы сомасы көрсетіледі. Қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақының жалпы сомасы № 646 ҚБПҮ Қаулысына сәйкес белгіленеді.

14-111-нысан әскери қызметшілердің және арнайы мемлекеттік органдардың қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес жасалады.

20-қосымшаның 37-бағанында қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақы алатын әскери қызметшілердің саны көрсетіледі, ал 20-қосымшаның 38-бағанында қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақы сомасы көрсетіледі. Қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақының жалпы сомасы № 646 ҚБПУ Қаулысына сәйкес белгіленеді.

12-111, 13-111 және 14-111-нысандар бойынша еңбекке ақы төлеуге арналған шығыстарды есептеу кезінде «Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері, арнаулы мемлекеттік органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызметі мен прокуратура органдарының қызметкерлері лауазымдарының санаттары бойынша тізілімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы № 1283 ҚБПУ Жарлығын және № 646 ҚБПУ қаулысын басшылыққа алу керек.

15-111-нысан мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілерінің лауазымдық айлықақысы бойынша шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес жасалады.

01-112 нысаны қосымша ақшалай төлемдерге арналған шығындарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес жасалады.

Бұл нысан қосымша ақшалай төлемдерге, қаржыландыру жоспары бойынша мемлекеттік орган басшысының шешімі бойынша белгіленген лауазымдық айлықақыларға үстемеақыға, сыйлықақыға, № 646 ҚБПУ қаулысына сәйкес біржолғы ақшалай төлемдерге арналған шығындарды есептеуге арналған.

26. 01-113-нысан өтемақы төлемдеріне арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес жасалады.

Осы нысан бойынша тиісінше № 646 ҚБПУ қаулысына және № 1193 қаулысына сәйкес мемлекеттік және азаматтық қызметшілердің сауықтыру жәрдемақыларын төлеуге арналған шығыстарды есептеу, сондай-ақ өтемақы төлемдеріне, біржолғы жәрдемақыларға арналған шығыстарды есептеу жүзеге асырылады.

27. 02-114-нысан міндетті кәсіби зейнетақы жарналарына арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес жасалады.

Осы нысан бойынша есеп жасау кезінде Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексін басшылыққа алу қажет.

24-қосымша 135 «Техникалық персонал және келісімшарттық қызметшілер бойынша жұмыс берушілердің жарналары» ерекшелігі бойынша міндетті кәсіби зейнетақы жарналарына арналған шығыстарды есептеу үшін де қолданылады.

28. 01-116-нысан жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналарына арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес жасалады.

Осы нысан бойынша есеп жасау кезінде Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексін басшылыққа алу қажет.

25-қосымша 135 «Техникалық персонал және келісімшарттық қызметшілер бойынша жұмыс берушілердің жарналары» ерекшелігі бойынша жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналарына арналған шығыстарды есептеу үшін де қолданылады.

29. 01-121-нысан әлеуметтік салықты төлеуге арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес жасалады.

Жоспарлы кезеңге арналған әлеуметтік салық сомасын есептеу кезінде «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Салық кодексі) басшылыққа алу қажет.

30. 01-122-нысан Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды төлеуге арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 27-қосымшаға сәйкес жасалады.

Жоспарланған жылға арналған әлеуметтік аударымдар сомасын есептеу кезінде Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексін басшылыққа алу қажет.

31. 01-124-нысан әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды төлеуге арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 30-қосымшаға сәйкес жасалады.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар сомасын есептеу кезінде «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа алу қажет.

32. 01-123 және 02-123-нысандар 123 «Міндетті сақтандыру жарналары» ерекшелігі бойынша шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 28 және 29-қосымшаларға сәйкес жасалады.

01-123-нысан көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру кезінде сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін есептеуге арналған.

28-қосымшаны көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруға шығыстарының сомасын айқындау үшін теңгерімінде көлік құралдары бар мемлекеттік мекемелер толтырады.

Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру кезінде сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін есептеу кезінде «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа алу қажет.

02-123-нысан тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру кезінде сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін есептеуге арналған және осы Қағидаларға 29-қосымшаға сәйкес жасалады.

Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру кезінде сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін есептеу кезінде «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа алу қажет.

33. 01-134-нысан алқабилерге сыйақы төлемін есептеуге арналған және осы Қағидаларға 31-қосымшаға сәйкес жасалады.

34. 01-135-нысан техникалық персонал және келісімшарттық қызметшілербойынша жұмыс берушілердің жарналарына арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 32-қосымшаға сәйкес жасалады. Есептеу кезінде Қазақстан Республикасының Салық Кодексін және Әлеуметтік кодексін басшылыққа алу қажет.

35. 01-139-нысан мемлекеттік органға қабылданған шетелдік қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 33-қосымшаға сәйкес жасалады. Есепті жасау кезінде еңбек шартын басшылыққа алу керек.

33-қосымшада «Лауазымның атауы» деген 1-бағанда жасалған еңбек шартына сәйкес мемлекеттік органға қабылданған шетелдік қызметкердің лауазымы көрсетіледі; «Айына лауазымдық айлықақы сомасы» деген 2-бағанда жасалған еңбек шартына сәйкес айына айлықақы сомасы көрсетіледі; «Мемлекеттік органға шетелдік қызметкерді тарту мерзімі» деген 3-бағанда еңбек шартына сәйкес мемлекеттік органға шетелдік қызметкер тартылған айлардың саны көрсетіледі; «Жылына негізгі жалақының жиыны 2-баған x 3-баған» деген 4-бағанда жиынтық сома көрсетіледі.

36. 01-141, 02-141, 03-141 және 04-141 нысандары 141 «Азық-түлік өнімдерін сатып алу» ерекшелігі бойынша шығыстарды есептеуге арналған.

01-141-нысан ішкі істер органдарының, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің, экономикалық тергеу қызметінің, қылмыстық-атқару жүйесінің, мемлекеттік өртке қарсы қызметтің, денсаулық сақтау және ветеринариялық мекемелердің, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мекемелерінен басқа, білім беру және әлеуметтік қорғау мекемелерінде тамақтануға арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 34-қосымшаға сәйкес жасалады. Осы нысан бойынша есептеуді жасау кезінде Кодекстің 70-бабына сәйкес бекітілетін мемлекеттік денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау мекемелері үшін тамақтану нормаларын басшылыққа алған жөн.

02-141-нысан әскери қызметшілердің, арнайы мемлекеттік органдар, ішкі істер органдары, қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің, экономикалық тергеп-тексеру қызметінің, кәсіптік авариялық-құтқару құралымдарының құтқарушыларының, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің, әскери және арнаулы оқу орындарының курсанттарының, тыңдаушыларының, әскери мектеп-интернаттар тәрбиеленушілерінің, әскери-дәрігерлік (медициналық) бөлімшелерде емделіп жатқан немесе тексеріліп жатқан науқастар, сондай-ақ күдіктілер, айыпталушылар, сотталушылар және сотталғандардың тамақ өнімдерін сатып алуға арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 35-

қосымшаға сәйкес жасалады. Осы нысан бойынша есептеуді жасау кезінде Кодекстің 70-бабына сәйкес бекітілетін заттай нормаларды басшылыққа алған жөн.

03-141-нысан ветеринариялық мекемелердегі тамақтану шығындарын есептеуге арналған және осы Қағидаларға 36-қосымшаға сәйкес жасалады. Осы есептеуді жасау кезінде жануарларға арналған тамақтану нормаларын басшылыққа алған жөн.

04-141-нысан денсаулық сақтау мекемелеріндегі тамақтану шығындарын есептеуге арналған және осы Қағидаларға 37-қосымшаға сәйкес жасалады. Осы есептеуді жасау кезінде тамақтану нормаларын басшылыққа алған жөн.

37. 01-142, 02-142 және 03-142 нысандары 142 «Дәрілік заттар және медициналық мақсаттағы өзге де бұйымдарды сатып алу» ерекшелігі бойынша шығыстар көлемін айқындауға арналған.

01-142-нысан денсаулық сақтау мекемелерінен басқа, дәрі-дәрмектерге және медициналық мақсаттағы өзге де құралдарға арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 38-қосымшаға сәйкес жасалады.

02-142-нысан стационарлық денсаулық сақтау мекемелеріндегі дәрі-дәрмектерге арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 39-қосымшаға сәйкес жасалады.

03-142-нысан амбулаториялық-емханалық денсаулық сақтау мекемелеріндегі дәрі-дәрмектерге арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 40-қосымшаға сәйкес жасалады.

Көрсетілген нысандар бойынша дәрі-дәрмектерді және басқа да медициналық мақсаттағы құралдарды сатып алуға арналған шығыстарды есептеу кезінде күніне бір бірлікке дәрі-дәрмектерді босату нормаларын басшылыққа алған жөн.

38. 01-143-нысан киім-кешек және басқа да нысанды және арнайы киім-кешек заттарын сатып алуға, тігуге және жөндеуге арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 41-қосымшаға сәйкес жасалады.

41-қосымша бойынша әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының, қылмыстық-атқару жүйесінің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің, экономикалық тергеп-тексеру қызметінің қызметкерлеріне, кәсіптік авариялық-

құтқару құралымдарының құтқарушыларына, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының курсанттарына, әскери және арнаулы оқу орындарының курсанттарына, тәрбиеленушілеріне арналған киім-кешек заттарын және басқа да нысанды және арнайы киім-кешектерді, әскери мектеп-интернаттар, кеден органдарының қызметкерлері үшін арнайы және нысанды киім-кешек, мемлекеттік орман күзеті мен аңшылық шаруашылығының, өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік фитосанитариялық қызметтің және мемлекеттік шекарада және көлікте ветеринариялық қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік ветеринариялық қызметтің қызметкерлері үшін прокуратура органдарының, судьялардың, сот приставтарының, нысанды киім мен айырым белгілерін сатып алуға, тігуге және жөндеуге арналған шығыстар есептеледі.

Осы нысан бойынша есептеуді жасау кезінде 1 алушыға ақшалай мәнде бір жылға тозуды ескере отырып, киім-кешек заттарына, басқа нысанды және арнайы киім-кешектерге арналған нормаларды басшылыққа алу қажет.

39. 01-144-нысан мемлекеттік органдардың жанар-жағармай материалдарына шығыстарын есептеуге арналған және осы Қағидаларға 42-қосымшаға сәйкес жасалады.

01-144 нысан бойынша шығыстарды есептеу кезінде Кодекстің 70-бабына сәйкес бекітілетін қызметтік, кезекші және арнайы автомобильдер тиістілігінің заттай нормаларын және жанар-жағармай материалдары шығыстарының және автокөлікті ұстауға арналған шығыстардың нормаларын басшылыққа алған жөн.

Автокөлік құралдарына арналған майлау материалдарына арналған шығыстарды есептеу еркін нысанда жасалады.

40. 02-144-нысан дербес жылыту жүйесі бар мемлекеттік мекемелерге арналған ғимараттарды, үй-жайларды жылытуға арналған қатты және сұйық отынды сатып алуға арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 43-қосымшаға сәйкес жасалады.

41. 01-149, 02-149, 03-149 нысандары тауарлар құнының бірлігіне негіздемелік құжаттарды ұсына отырып, 149 «Өзге де қорларды сатып алу» ерекшелігі бойынша шығыстарды айқындауға арналған.

01-149-нысан денсаулық сақтау мекемелерінде жұмсақ мүкәммалды сатып алу үшін шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 44-қосымшаға сәйкес жасалады. Осы нысанды мемлекеттік амбулаториялық-емханалық және стационарлық денсаулық сақтау мекемелері толтырады.

Осы есепті жасау кезінде республиканың мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарын жұмсақ мүкәммалмен жарақтандыру нормаларын басшылыққа алған жөн.

02-149-нысан шығыс материалдарын сатып алу бойынша шығыстарды есептеу үшін толтырылады және осы Қағидаларға 45-қосымшаға сәйкес жасалады.

03-149-нысан негізгі құралдарға, негізгі құралдарды жөндеуге пайдаланылатын құрылыс материалдарына, жабдыққа, көлік құралдарына арналған қосалқы бөлшектерге және ұстауға, қызмет көрсетуге және жөндеуге тікелей байланысты басқа да қорларға қызмет көрсету және күтіп-ұстау үшін қажетті тауарларды, құрылыс материалдарын сатып алу жөніндегі шығыстарды есептеу үшін толтырылады және осы Қағидаларға 46-қосымшаға сәйкес жасалады.

Өзге қорларды сатып алуға арналған шығыстарды жоспарлау кезінде есепке қорлардың немесе негізгі құралдардың әрбір түрі бойынша отандық маркетплейстерден бағалар туралы кемінде 3 (үш) ұсыныс қоса беріледі.

42. 01-151, 02-151, 03-151, 04-151 нысандары коммуналдық қызметтерге (су, газ, электр энергиясы және жылыту үшін) ақы төлеуге жоспарланған кезеңге арналған бюджет қаражатының көлемін айқындау үшін жасалады.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің коммуналдық қызметтеріне ақы төлеу үшін шығыстар, егер мемлекеттік мекеме бюджеттің бір деңгейі есебінен ұсталатын басқа мемлекеттік мекеменің үй-жайларында орналастырылған жағдайда, осы үй-жайдың теңгерім ұстаушысында жоспарлануы мүмкін.

Осы нысандар бойынша есептеулерді жасау кезінде бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдар бойынша электр энергиясын, жылытуға арналған жылуды, ыстық және суық суды және басқа да коммуналдық қызметтерді тұтыну нормаларын басшылыққа алған жөн.

01-151, 02-151 және 03-151 нысандарының осы Қағидалардың 47, 48 және 49-қосымшалардың 5-бағанында су, электр энергиясын, жылуды, газды тұтыну нормалары белгіленген қуат бірліктерінің саны көрсетіледі.

01-151-нысанды ыстық және суық суға, кәрізге, тамақ дайындауға арналған газға арналған шығыстарды есептеу үшін мемлекеттік мекемелер толтырады және осы Қағидаларға 47-қосымшаға сәйкес жасалады.

Газға арналған шығыстарды есептеу кезінде оны тасымалдауға арналған шығыстар ескеріледі.

02-151-нысанды жетілдірілген жабындар мен жасыл желектерді, объектілердің аумақтарын суаруға арналған су шығыстарын есептеу үшін мемлекеттік мекемелер толтырады және осы Қағидаларға 48-қосымшаға сәйкес жасалады.

03-151-нысанды электр энергиясына ақы төлеу жөніндегі шығыстарды есептеу үшін мемлекеттік мекемелер толтырады және осы Қағидаларға 49-қосымшаға сәйкес жасалады.

04-151-нысанды орталық жылыту жүйесі бар мемлекеттік мекемелерге арналған ғимараттарды, үй-жайларды жылытуға арналған жылу шығыстарын есептеу үшін мемлекеттік мекемелер толтырады және осы Қағидаларға 50-қосымшаға сәйкес жасалады.

Бұл нысан ғимараттарды, мемлекеттік мекемелерге арналған үй-жайларды газбен жылытуға жұмсалатын жылу шығыстарын есептеу үшін толтырылады. Газға арналған шығыстарды есептеу кезінде оны тасымалдауға арналған шығыстар ескеріледі.

43. 01-152-нысан байланыс қызметтерін төлеуге арналған шығыстарды есептеу үшін жасалады және осы Қағидаларға 51-қосымшаға сәйкес жасалады.

Мемлекеттік мекемелер 01-152 нысанын телекоммуникациялық қызметтерді сатып алуға арналған іс-шараларды жоспарлау кезінде де қолданады.

01-152 нысаны бойынша шығыстарды есептеу кезінде телефон байланысын пайдаланғаны үшін тиістілік нормаларын басшылыққа алған жөн.

51-қосымшаның 5 және 15-жолдарында мемлекеттік органның ерекшелігіне сәйкес түзетілетін телекоммуникациялық қызметтердің үлгілік тізімі мен сипаттамалары келтірілген.

44. 01-153-нысан көлік қызметтеріне ақы төлеу бойынша шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 52-қосымшаға сәйкес жасалады. Алдағы жоспарлы кезеңге жоспарланатын шығыстарды негіздеу үшін ағымдағы қаржы жылына арналған көлікті жалға алу туралы шарттардың көшірмелері ұсынылады.

45. 01-158-нысан ақпараттандыру саласындағы жұмыстар мен қызметтерге ақы төлеуге арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 53-қосымшаға сәйкес жасалады. Осы нысанды толтыру кезінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушысының 2016 жылғы 16 наурыздағы № 274 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13631 болып тіркелген) бекітілген ақпараттандыру саласындағы тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға арналған шығыстардың есеп-қисабын жасау, ұсыну және қарау жөніндегі нұсқаулықты басшылыққа алған жөн.

46. 01-159 және 02-159 нысандары осы Қағидалардың 54 және 55-қосымшалары 159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша шығыстарды есептеуге арналған.

01-159-нысан ғимараттарды, үй-жайларды, жабдықтарды және басқа да негізгі құралдарды күтіп ұстау, қызмет көрсету, ағымдағы жөндеу бойынша шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 54-қосымшаға сәйкес жасалады. Жоспарланатын шығыстарды негіздеу үшін ағымдағы қаржы жылы үшін қызметтер, жұмыстар көрсету туралы шарттардың көшірмелері ұсынылады, шарттар болмаған жағдайда сатып алынатын қызметтер мен жұмыстардың әрбір түрі бойынша отандық маркетплейстерден бағалар туралы кемінде 3 (үш) ұсыныс, «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ағымдағы қаржы жылы үшін ағымдағы жөндеу бойынша ақаулы акт және сметалық құжаттама қоса беріледі. Ағымдағы жөндеуде орындалатын жұмыстардың тізбесін жасау кезінде ғимараттарды ағымдағы және күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыстардың тізбесі көзделген бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдар бойынша электр энергиясын, жылуды, ыстық және суық суды және басқа да коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтынудың нормаларын басшылыққа алған жөн.

Маркетплейсте ақпарат болмаған жағдайда кемінде 3 (үш) прайс-парақ ұсынылады.

02-159-нысан акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі жеке тұлғалар мен мемлекеттік кәсіпорындар, акционерлік қоғамдар және мемлекеттік қатысу үлестерінің мөлшері мемлекетке қатысушылардың жалпы жиналысының шешімдерін айқындауға мүмкіндік беретін жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер көрсеткен жұмыстар мен қызметтерге ақы төлеу жөніндегі шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 55-қосымшаға сәйкес жасалады.

Осы есептеуде шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі, сондай-ақ шығыстардың негізгі түрлері бойынша таратып жазу келтіріледі:

1) жеке тұлғалар үшін:

қызметкерлердің жалақысы – осы жол бойынша қызметтер көрсетуге және жұмыстарды орындауға қатысатын қызметкерлердің жалақысы көрсетіледі (жеке табыс салығы, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті жарналар, қызметкерлердің жалақысынан ұсталатын әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналары да осы жол бойынша көрсетіледі);

іссапар шығыстары;

материалдарды сатып алу;

көлік қызметтері;

2) акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындар, акционерлік қоғамдар және мемлекеттік қатысу үлестерінің мөлшері мемлекетке қатысушылардың жалпы жиналысының шешімдерін айқындауға мүмкіндік беретін жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер үшін:

қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу – осы жол бойынша қызметтер көрсетуге және жұмыстарды орындауға қатысатын қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу көрсетіледі;

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар;

әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар;

іссапар шығыстары;

салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, оның ішінде жекелеген жолдарда бюджетке төленетін негізгі салықтар мен міндетті төлемдер көрсетіледі;

өзге де салықтар;

материалдарды сатып алу;

коммуналдық қызметтер, яғни электр энергиясы мен жылытуды қоспағанда, су, газ және басқа да коммуналдық қызметтердің шығыстары;

электроэнергия;

жылыту;

байланыс қызметтері;

көлік қызметтері;

негізгі құралдарды ағымдағы жөндеу;

ғимараттарды, үй-жайларды күтіп-ұстау, оларға қызмет көрсету;

жалдау ақысы;

банк қызметтері;

өзге де шығыстар.

Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындарды, акционерлік қоғамдарды және 02-159 нысанын толтыратын қатысушылардың жалпы жиналысының шешімдерін мемлекетке айқындауға мүмкіндік беретін жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді қоспағанда, заңды тұлғалар көрсететін жұмыстар мен қызметтерге ақы төлеу жөніндегі шығыстардың есебін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері еркін нысанда ұсынады.

47. 03-159 нысаны үй-жай үшін жалдау ақысын төлеуге арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 56-қосымшаға сәйкес жасалады. Жоспарланатын шығыстарды негіздеу үшін «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге бағалардың дерекқорын ескере отырып, ағымдағы қаржы жылы үшін үй-жайлар мен ғимараттарды жалдау туралы

шарттардың көшірмелері және (немесе) кемінде 3 (үш) баға ұсынысы ұсынылады. Жоспарланатын шығыстарды негіздеу үшін Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелері ағымдағы қаржы жылына арналған үй-жайлар мен ғимараттарды жалға алу туралы шарттарының көшірмелерін ұсынады. Шарттар болмаған жағдайда кемінде 3 (үш) прайс-парақтар не болатын елдің маркетплейстерінен баға ұсыныстары қоса беріледі.

48. 01-161-нысан ел ішіндегі қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 57-қосымшаға сәйкес жасалады.

Мемлекеттік мекемелер 57-қосымшаны 136 «Техникалық персоналдың және келісімшарттық қызметшілердің ел ішіндегі іссапарлары мен қызметтік жол жүрулері», 137 «Алқабилердің іссапар шығыстары», 161 «Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар» ерекшеліктері бойынша шығыстарды есептеу кезінде қолданады.

01-161 нысан бойынша шығыстарды есептеу кезінде «Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі № 1428 және «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 (бұдан әрі - № 256 қаулы) қаулыларын басшылыққа алған жөн.

49. 01-162-нысанды мемлекеттік мекемелер елден тыс жерлерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды есептеу үшін толтырады және осы Қағидаларға 58-қосымшаға сәйкес жасалады.

Осы есептеуді жасау кезінде № 256 қаулыны басшылыққа алған жөн.

50. Ел ішінде және елден тыс қызметтік іссапарларға жоспарланатын шығыстарды негіздеу үшін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ағымдағы жылға бекітілген іссапар жоспарларын және жоспарлы кезеңге арналған іссапар жоспарларының жобаларын ұсынады.

51. 01-166 нысанын мемлекеттік мекемелер сайлауға және саяси партиялардың қызметіне ақы төлеуге арналған шығыстарды есептеу үшін толтырады және осы Қағидаларға 59-қосымшаға сәйкес жасалады.

52. 01-324 және 02-324 нысандары осы Қағидалардың 60 және 61-қосымшалары 324 «Стипендиялар» ерекшелігі бойынша шығыстарды есептеуге арналған;

01-324-нысан студенттерге, интерндерге, магистранттарға, докторанттарға, тыңдаушыларға, әскери-арнаулы оқу орындарының курсанттары мен кадеттерге стипендия төлеуге арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 60-қосымшаға сәйкес жасалады.

Осы нысанды толтыру кезінде № 646 қбп қаулысын, сондай-ақ «Білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы № 116 қаулысын (бұдан әрі - №116 қаулы) басшылыққа алған жөн.

02-324-нысан білім беру және денсаулық сақтау, мәдениет және спорт ұйымдарында оқитын студенттерге, интерндерге, магистранттарға, дайындық бөлімі мен резидентура тыңдаушыларына, докторанттарға стипендия төлеуге арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 61-қосымшаға сәйкес жасалады.

Осы нысанды толтыру кезінде № 116 қаулыны басшылыққа алған жөн.

53. Шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша жоспарланатын шығыстар түрлері бойынша 154, 155, 156 және 157 есептеулер осы Қағидаларға 62-қосымшаға сәйкес жасалады.

Шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша жоспарланатын шығыстар түрлері бойынша 211, 212, 213, 221, 711, 712, 713, 721, 722 және 723 есептеулер Қағидаларға 63-қосымшаға сәйкес жасалады.

Шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша жоспарланатын шығыстардың түрлері бойынша 331, 339 және 359 есептеулер Қағидаларға 64-қосымшаға сәйкес жасалады. Осы есептемелер негіздемелерімен және міндетті түрде шығыстардың әрбір түрі бойынша ашып жазыла отырып берілуі тиіс.

Шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша жоспарланатын шығыстар түрлері бойынша 341 және 451 есептеулер Қағидаларға 65-қосымшаға сәйкес жасалады.

Шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша жоспарланатын шығыстардың түрлері бойынша 411, 412, 417, 418 және 419 есептеулер Қағидаларға 66-қосымшаға сәйкес жасалады.

Шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша жоспарланатын шығыстар түрлері бойынша 133, 163, 164, 165, 321, 322, 323, 531, 541, 621, 812, 813, 814 және 815 есептеулер Қағидаларға 67-қосымшаға сәйкес жасалады.

Шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша жоспарланатын шығыстар түрлері жөніндегі 421, 422, 423, және 429 есептеулер Қағидаларға 68-қосымшаға сәйкес жасалады.

Шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша жоспарланатын шығыстар түрлері жөніндегі 513 және 514 есептеулер Қағидаларға 69-қосымшаға сәйкес жасалады.

Шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша жоспарланатын шығыстар түрлері жөніндегі 611, және 612 есептеулер Қағидаларға 70-қосымшаға сәйкес жасалады. Осы есептер негіздемелерімен және міндетті түрде шығыстардың әрбір түрі бойынша ашып жазыла отырып берілуі тиіс.

Шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша жоспарланатын шығыстар түрлері бойынша 167, 332, 521, 714 және 715 есептеулер ерікті нысанда жасалады.

Қорлар мен негізгі құралдарды сатып алуға арналған шығыстарды жоспарлау кезінде есептеуге қорлардың немесе негізгі құралдардың әрбір түрі бойынша отандық маркетплейстерден бағалар туралы кемінде 3 (үш) ұсыныс қоса беріледі.

Сонымен қатар, қорлар мен негізгі құралдарды сатып алуға арналған есептеулерге (410-кіші сынып бойынша) олардың нақты болуы туралы ақпаратты (сатып алу жылы мен тозу мерзімі көрсетіле отырып, теңгерімде есепте тұрған) және үш жылдық кезеңге арналған жоспарды ұсыну қажет.

Маркетплейсте ақпарат болмаған жағдайда кемінде 3 (үш) прайс-парақ ұсынылады.

421, 423 және 435 ерекшеліктер бойынша міндетті түрде есептеу кезінде мемлекеттік мекемелер жобалау-сметалық құжаттамаға және жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) құнын негіздейтін құжаттарға мемлекеттік сараптаманың немесе ведомстводан тыс кешенді сараптаманың қорытындысын ұсынады, ал қорларды сатып алуға арналған есептеуге ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша мемлекеттік мекеменің теңгерімінде есепте тұрған қорлар қалдықтарының нақты болуы туралы ақпаратты және ағымдағы жылдың жоспарын ұсынады.

Мәслихат депутаттарының негізгі жұмыс орны бойынша орташа жалақысын өтеу жөніндегі шығыстарды есептеу «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабына сәйкес көрсетілген лауазымдағы жұмыс өтілі бір жылға дейінгі тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі аппараты басшысының жалақысынан аспайтын мөлшерде жүзеге асырылады. Есептеуге Салық кодексіне сәйкес жұмыс берушілердің әлеуметтік салық бойынша жарналары және Қазақстан Республикасының әлеуметтік кодексіне сәйкес Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар енгізіледі.

164-ерекшелік бойынша есептеу ұсынылған кезде шетелдік жоғары оқу орындары (әлемнің ғылыми орталықтары мен зертханалары) мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 сәуірдегі № 301 қаулысына сәйкес айқындалған заңды тұлға, «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу қағидаларын бекіту және «Болашақ» халықаралық стипендиясын жұмсау бағыттарын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 маусымдағы № 573 қаулысына сәйкес шетелде кадрларды даярлаудың, қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың халықаралық бағдарламаларын, оның ішінде «Болашақ» халықаралық стипендиясын іске асыру жөніндегі көрсетілетін қызметтердің өнім берушісі арасында жасалған шарттардың көшірмелері ұсынылады.

Өкілдік шығындарға арналған шығыстарды жоспарлау кезінде тиісті орталық мемлекеттік органмен бекітілген «Өкілдік шығындар» бөлінетін бюджеттік бағдарламасын бөлу қағидаларына және облыстың жергілікті атқарушы органдары бекіткен өкілдік шығындарға көзделген қаражатты пайдалану тәртібі мен өкілдік шығындардың нормаларына сәйкес өкілдік шығындардың нормаларын басшылыққа алған жөн.

Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды іске асыруға арналған шығыстар қаржылық-экономикалық негіздемеде айқындалған бюджеттік инвестицияларды іске асыру мерзімдеріне сәйкес жоспарланады.

*Ескерту. 53-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 18.09.2025 № 510 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

54. 01-361 нысаны 361 «Заңды тұлғаларға берілетін трансферттер» ерекшелігі бойынша шығыстарды есептеу үшін арналған және осы Қағидаларға 71-қосымшаға сәйкес жасалады.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жоспарланатын шығыстардың түрлері жөніндегі есептеулерді жасау кезінде денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алған жөн.

«Астана» халықаралық қаржы орталығының әкімшілігіне трансферттерді аударуға бағытталған бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстарды жоспарлау кезінде есептеулер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалған мақсаттарды іске асыруға бағытталған шығыстардың түрлері бойынша жасалады. Есептеулерге шығыстардың әрбір түрі бойынша тиісті құжаттар мен негіздемелер қоса беріледі.

Есептеулерге қосымша қоса берілетіндер:

еңбекақы төлеу қоры бойынша ағымдағы қаржы жылына бекітілген штат кестесі мен жоспарлы кезеңге арналған штат кестесінің жобасы;

ақпараттандыру саласындағы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған шығыстарды жоспарлау кезінде – ақпараттық технологиялар саласындағы көрсетілетін қызметтерді басқа халықаралық қаржы орталықтарына енгізу тәжірибесі бар алдыңғы қатарлы халықаралық консалтингтік компаниялар қорытындысы;

негізгі құралдарды сатып алуға арналған шығыстарды жоспарлау кезінде негізгі құралдардың нақты болуы, шығарылған және тозған жылдары туралы ақпарат және сатып алынатын негізгі құралдардың әрбір түрі бойынша отандық маркетплейстерден бағалар туралы кемінде үш ұсыныс;

---

жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған шығыстарды жоспарлау кезінде ағымдағы қаржы жылы үшін шарттардың көшірмелері қоса беріледі.

Маркетплейсте ақпарат болмаған жағдайда кемінде 3 (үш) прайс-парақ ұсынылады.

55. 01-372 нысаны инновациялық гранттар мен әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне гранттарды төлеуге шығыстарды есептеу үшін толтырылады және осы Қағидаларға 72-қосымшаға сәйкес жасалады.

---

*Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 18.09.2025 № 510 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

56. 01-373 нысаны білім беру ұйымдарына гранттарды төлеуге арналған шығыстарды есептеу үшін толтырылады және осы Қағидаларға 73-қосымшаға сәйкес жасалады.

---

*Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 18.09.2025 № 510 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

57. Бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелеріне және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының, концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларына қажетті сараптамалар жүргізуге, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын және концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеуге бағытталған бөлінетін бюджеттік бағдарлама бойынша есептеулер олар болған жағдайда өткен жоспарлы кезең жобаларының орташа құны мен санын талдау негізінде жасалады.

58. Жоғарыда көрсетілген нысандар бойынша есептеулер негізінде мемлекеттік мекеме Қағидаларға 74-қосымшаға сәйкес бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша мемлекеттік мекеме шығыстарының жиынтық есебінің нысанын (бұдан әрі – ММ нысаны) жасайды.

ММ нысанында шығыстардың жалпы сомасы, оның ішінде шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бөлінісінде көрсетіледі.

Шығыстардың экономикалық сыныптамасының әрбір ерекшелігі бойынша болжанатын жоспарлы кезеңге арналған шығыстардың сомалары шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша шығыстардың осы нысанға қоса берілген есептеулерінде көрсетілген жиынтық сомаларға сәйкес келуге тиіс.

ММ нысанында өткен қаржы жылындағы есептік деректер (кассалық және нақты шығыстар) (2, 3-бағандар), ағымдағы қаржы жылына нақтыланған жоспар (өзгерістер туралы барлық анықтамаларды ескере отырып бекітілген жеке қаржыландыру жоспары) (4-баған) және алдағы жоспарлы кезеңге арналған болжамды деректер (5, 6 және 7-бағандар) келтіріледі.

59. Мемлекеттік мекемелер шығыстардың экономикалық сыныптамасының әрбір ерекшелігі бойынша шығыстар есептеулерін қоса бере отырып ММ нысанын бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне ұсынады.

60. Мемлекеттік мекемелер ұсынған ММ нысаны бойынша жиынтық есептердің негізінде бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі ММ (жиынтық) нысаны бойынша бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шығыстарының жиынтық есебін осы Қағидаларға 75-қосымша сәйкес жасайды. Есептеу мемлекеттік органның даму жоспарына енгізілген әрбір бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша жасалады.

61. ММ (жиынтық) нысанының негізінде осы Қағидаларға 76-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджеттік бағдарламалардың жиынтық тізбесі жасалады. Бұл есеп бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша бюджеттік бағдарламалар бөлінісінде мәлімделген қаржыландырудың бюджеттік бағдарламалар нәтижелерінің көрсеткіштеріне қол жеткізуге әсерін сипаттай отырып жасалады.

62. Шығыстарды есептеу негізінде осы Қағидаларға 77-қосымшаға сәйкес нысан бойынша базалық шығыстар мен жаңа бастамаларға арналған шығыстарды қамтитын ағымдағы бюджеттік бағдарламалар және бюджеттік даму бағдарламалары бойынша шығыстардың жиынтық кестесі жасалады.

63. 01-413-нысан автомобиль көлік құралдарын сатып алуға арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 78-қосымшаға сәйкес жасалады.

64. 01-414 нысаны есептеу және басқа жабдықтарды сатып алу бойынша шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 79-қосымшаға сәйкес жасалады. Есептеу жабдығын сатып алу қажеттілігі енгізілетін немесе көбейтілетін ақпараттық жобалардың талаптары мен мерзімдеріне не жабдықтың физикалық немесе моральдық тозу себептеріне негізделуі тиіс.

Мемлекеттік органдар 02-414-нысанды мемлекеттік органдардың кеңсе жиһазын сатып алуға арналған шығыстарын есептеу үшін жасайды және осы Қағидаларға 80-қосымшаға сәйкес жасалады.

Есептеуді жасау кезінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу тәртібіне сәйкес кеңсе жиһазын сатып алуға арналған норматив және тозу нормалары қолданылады.

65. 01-416 нысаны (68-қосымша) лицензияланған бағдарламалық өнімдерді, операциялық жүйелерді және дерекқорды басқару жүйелерін сатып алу шығындарын есептеуге арналған және осы Қағидаларға 81-қосымшаға сәйкес жасалады.

Сатып алынатын бағдарламалық өнімдер бюджеттік бағдарламаның нысанасы мен мақсатына сәйкес келуге тиіс, лицензияларды сатып алу саны мен уақыты ақпараттық жобаны енгізу және көбейту уақытымен үйлестірілуге тиіс. Жылдық техникалық қолдаумен жеткізілетін лицензияларға оларды сатып алуға арналған шығыстар жылдық техникалық қолдаудың құнын қосады.

66. 01-311-нысан мемлекеттік кәсіпорындарға субсидияларға арналған шығыстарды есептеуге арналған және осы Қағидаларға 82-қосымшаға сәйкес жасалады. Есептеумен бірге шығындар бағыттары бойынша негіздеуші құжаттар ұсынылады.

Осы нысан бойынша есептеу 3 (үш) бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлімде мемлекеттік кәсіпорындар қызметті жүзеге асырудан алатын табыстарының жалпы сомасы көрсетіледі.

Екінші бөлімде шығыстардың негізгі түрлері бойынша таратып жазуды келтіре отырып, шығыстардың жалпы сомасы көрсетіледі.

Үшінші бөлімде шығыстардың мемлекеттік кәсіпорындардың кірістерінен асып кету сомасы, яғни тиісті бюджеттен өтелетін сома көрсетіледі.

Мемлекеттік кәсіпорындар ұсынған 01-311-нысан бойынша есептеудің негізінде бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі мемлекеттік кәсіпорындарды субсидиялауға арналған шығыстарды есептеу үшін 01-311-жиынтық нысанды-жиынтықты осы Қағидаларға 83-қосымшаға сәйкес жасайды.

Бұл есептеулер шығыстардың әрбір түрі бойынша негіздемелермен және міндетті түрде таратылып жазумен ұсынылады және бас бухгалтер не қаржы-экономикалық қызмет басшысының қолы қойылады.

Егер 01-311 және 01-311-жиынтық нысандары мемлекеттік кәсіпорындарға субсидиялардың жекелеген түрлері бойынша шығыстарды айқындау үшін жарамсыз болған жағдайда, онда бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері еркін нысанда есептеулер жасайды.

Осы есептеулер шығыстардың әрбір түрі бойынша негіздемелермен және міндетті түрде таратып жазумен ұсынылады және бас бухгалтер не қаржы-экономикалық қызмет басшысының қолы қойылады.

82 және 83-қосымшаларды мемлекеттік мекемелер 312 «Мемлекеттік кәсіпорындар болып табылмайтын заңды тұлғаларға субсидиялар» ерекшелігі бойынша шығыстарды есептеу кезінде қолданылады.

67. Сатып алынатын негізгі құралдар бойынша есептеулер тиістілік нормаларына, олардың нақты болуына, шығарылған жылы мен тозуына сәйкес мәліметтерді қамтуға тиіс.

68. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінде инвестициялық жобалар болған кезде осы Қағидаларға 84-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджеттік инвестициялық жобалардың таратылып жазылуы жасалады.

Бюджеттік инвестициялық жобалардың таратылып жазылуында 84-қосымшада:

«жоспарлы кезең басталғанға дейін қаржыландыру» деген 5-бағанда жобаны жүзеге асыруға бөлінген қаражат, оның ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен;

«сала» деген жолда жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер; қорғаныс; қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық атқару қызметі; білім беру; денсаулық сақтау; әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру; инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым; сумен жабдықтау

және канализация; мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік; газбен жабдықтау; жылу энергетикасы; ауыл шаруашылығы; қоршаған ортаны қорғау; су ресурстары; өнеркәсіп; тасымалдау; коммуникациялар; басқалары;

«облыс (өңір)» деген жолда облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың атауы;

«жоба мәртебесі (іске асырылып жатқан/жаңа жобалар)» деген жолда жоспарлы кезең басталғанға дейін республикалық бюджеттен қаржыландыру болмаған жобалар жаңа жобалар болып табылады.

Әрбір жоба бойынша бюджеттік инвестицияларға арналған шығыстар конкурстық рәсімдерді өткізуге қажетті уақытты ескере отырып, тиісті құжаттамада (техникалық-экономикалық негіздеме, қаржылық-экономикалық негіздеме, жобалау-сметалық құжаттама) белгіленген іске асырудың нормативтік кезеңінен асатын қаржыландыру кезеңімен мәлімделмейді.

84-қосымша сондай-ақ 441 және 512 ерекшеліктері бойынша шығыстарды есептеу кезінде қолданылады.

69. Бюджеттік сұранымның құрамына ағымдағы нысаналы трансферттерді және бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған бюджеттік кредиттерді қоспағанда, жергілікті атқарушы органдарға бюджеттік кредиттерді енгізген бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері өңірлер мен бағыттар бөлінісінде ағымдағы нысаналы трансферттерді және бюджеттік кредиттерді бөлуді осы Қағидаларға 85-қосымшаға сәйкес ұсынады.

70. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бюджеттік сұраным құрамында осы Қағидаларға 86-қосымшаға сәйкес іс-шаралар бөлінісінде әрбір бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша шығындар тізбесін ұсынады.

86-қосымшада:

1-бағанда іс-шараның атауы көрсетіледі;

2-бағанда шығыстардың экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің коды мен атауы көрсетіледі;

3-бағанда ерекшелік бойынша жоспарланатын операция түрінің атауы көрсетіледі;

4, 5 және 6-бағандарда жоспарлы кезеңге арналған шығыстар сомасы мың теңгемен көрсетіледі.

71. Алынған және пайдаланылған байланысты гранттардың тізбесі ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша гранттардың сомасын жұмсау бағыттары (компоненттері) бойынша міндетті түрде бөле отырып ұсынылады және осы Қағидаларға 87-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

72. Алынған және пайдаланылған байланысты емес гранттар туралы ақпарат ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша мынадай нысандар бойынша ұсынылады:

1) Қағидаларға 88-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетелде оқуды қоспағанда, тауарларды жеткізуге, жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге берілген байланысты емес гранттар туралы мәліметтер;

Мәліметтерге байланысты емес грант туралы тиісті келісімге қол қойылған күнгі қағидаларға 88-қосымшаның 5, 6 және 7-бағандарында Америка Құрама Штаттарының долларында көрсетілген сомалар бойынша валюталардың айырбастау бағамдары туралы ақпарат қоса беріледі, Қағидаларға 88-қосымшаның 14-бағанында жобаны іске асыру нәтижелері көрсетіледі;

2) Қағидаларға 89-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетелде оқуға берілген байланысты емес гранттар туралы мәліметтер.

Шетелде оқыту Қазақстан Республикасы Мемлекеттік ұйымдарының лауазымды адамдарының (техникалық персоналды қоспағанда) курстарын, семинарларын, тренингтерін және шетелде біліктілігін арттырудың басқа да түрлерін білдіреді.

Қағидаларға 89-қосымшаның 5-бағанында қатысушылардың саны лауазымның әрбір санаты (деңгейі) бойынша көрсетіледі.

73. Мемлекеттік мекемелердің иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстарының жоспарлы кезеңге болжамы Қағидаларға 90-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

74. Ағымдағы қаржы жылының бірінші тоқсанының қорытындылары бойынша нысаналы даму трансферттерін қоса алғанда, бюджеттік инвестициялық

жобалар мониторингінің қорытындылары бойынша есеп бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асырудан түсетін экономикалық және әлеуметтік табыстың ұзақ мерзімді көрсеткіштері ескеріле отырып жасалады және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын нысан бойынша және тәртіппен толтырылады.

### **3-тарау. Бюджеттік сұранымды ұсыну және қарау тәртібі**

75. Ведомстволық бюджет комиссиясының оң ұсынысы бар кезекті жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік сұранымына бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға шығыстар лимиттері жеткізілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қойылады және ұсынылады.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің кезекті жоспарлы кезеңге арналған бюджеттік сұранымына шығыстар лимиттері жеткізілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде және ұсынылады:

облыстық бюджеттік бағдарламалардың, Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қол қояды және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органға ұсынады;

ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері қол қояды және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына ұсынады.

76. Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің бюджеттік сұранымы қарау үшін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жіберіледі, ол оған қорытынды дайындайды және өзгерістер енгізбестен республикалық бюджеттің жобасына енгізеді.

Тексеру комиссияларының бюджеттік сұранымы қарау үшін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға жіберіледі, ол оған қорытынды дайындайды және өзгерістер енгізбестен жергілікті бюджет жобасына енгізеді.

77. Есеп-қисаптармен бірге бюджеттік бағдарламалар әкімшілері ұсынады:

1) байланысты гранттар сомасын жұмсалу бағаныттары бойынша міндетті түрде бөле отырып, ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша алынған және пайдаланылған байланысты гранттар туралы ақпаратты;

2) ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша алынған және пайдаланылған байланысты емес гранттар туралы ақпаратты;

3) мемлекеттік мекемелердің өз иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін ақша түсімдері мен шығыстарының болжамын;

4) ағымдағы қаржы жылының бірінші тоқсанының қорытындылары бойынша нысаналы даму трансферттерін қоса алғанда, бюджеттік инвестициялық жобалар мониторингінің қорытындылары жөніндегі есепті;

5) орталық мемлекеттік органдардың, оның ведомстволарының, аумақтық органдарының, ведомстволық бағаныныстағы мемлекеттік мекемелердің, оның ішінде орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелерінің, ведомстволарының және олардың аумақтық органдарының ағымдағы жылға бекітілген штат кестесін және жоспарлы кезеңге арналған штат кестесінің жобасын; тиісті жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын атқарушы органдардың және олар өзгерген жағдайда оларға ведомстволық бағанынысты мемлекеттік мекемелердің штат кестесін;

6) мемлекеттік органдарға шетелдік жұмыскерлерді тарту мәселелерін қарастыру жөніндегі уәкілетті комиссияның шешімі және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органына тартылған шетелдік жұмыскерлермен жасалған еңбек шарттары;

7) егер бюджеттік бағдарламалар әкімшісі нормативтік құқықтық актілер әзірлеуді немесе оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсынған жағдайда қосымша шығыстарды немесе бюджет түсімдерін қысқартуды талап ететін тиісті нормативтік құқықтық актінің жобасын;

8) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің заң жобаларын әзірлеу орындылығы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің Заң жобалау жұмысының перспективалық жоспарына сәйкес болуы туралы қорытындыны;

9) тиісті сараптамалардың қорытындылары бар инвестициялық ұсыныстарды;

10) мемлекеттік инвестициялық жобалар саласында бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын, техникалық-экономикалық негіздемесін, қаржы-экономикалық негіздемесін әзірлеу немесе түзету, қажетті сараптамалар жүргізу, мемлекеттік инвестициялық жобалар портфелін қалыптастыру және мемлекеттік инвестициялық жобаларды айқындау тәртібіне сәйкес құрылыс құнын есептеу, Астана қаласында, Жамбыл және Солтүстік Қазақстан облыстарында денсаулық сақтау, білім беру, тұрғын үй құрылысы салаларында объектілерді салу шеңберінде іске асыру жоспарланған пилоттық инвестициялық бюджеттік жобалар бойынша объектінің сметалық құнының лимитін есептеу нәтижелері туралы келісу-хат;

11) жобаны іске асырудың бірінші жылының шығыстарын жоспарлау үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының конкурстық құжаттамасына берілетін қорытындының немесе жекеше әріптесті айқындау жөніндегі тікелей келіссөздер кезінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасына бизнес-жоспардың және тиісті бюджет комиссиясының оң шешімін, жобаны іске асырудың кейінгі жылдарының шығыстарын жоспарлау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қол қойылған және тіркелген мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын;

12) жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды жоспарлаған жағдайда заңды тұлғалардың стратегиялық даму құжаттарын;

13) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, қаржыландыру көздерін (бюджеттік, қарызға алынған, меншікті, және басқа) көрсетумен іске асырылып жатқан және іске асырылуы жоспарланған инвестициялық жобалары туралы ақпаратты;

14) заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялардың қаржы-экономикалық негіздемесін, ол бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның оң экономикалық қорытындысын;

15) мемлекеттік инвестициялық жобалар саласында бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын, техникалық-экономикалық негіздемесін, қаржы-экономикалық негіздемесін әзірлеу немесе түзету, қажетті сараптамалар жүргізу, мемлекеттік инвестициялық жобалар портфелін қалыптастыру және мемлекеттік инвестициялық жобаларды айқындау тәртібінің формасы бойынша заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асыру жоспарланған іске асырылатын, іске асырылып жатқан және жоспарланған инвестициялық жобалар туралы ақпарат;

*16) Алып тасталды - ҚР Қаржы министрінің 18.09.2025 № 510 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен;*

17) республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері ұсынатын тақырыптар бойынша ғылыми зерттеулердің мемлекеттік ғылыми және ғылыми-техникалық сараптамасының қорытындысын;

18) мемлекеттік органдардың тақырыптық зерттеулері мен бірлікескен зерттеулердің негізділігі мен тиімділігі бойынша салалық мемлекеттік органдардың қорытындылары;

19) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік кредиттеу арқылы іске асыруға ұсынып отырған бюджеттік бағдарламалар бойынша бюджеттік кредиттеудің орындылығы туралы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысын;

20) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ақпараттандыру саласындағы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға шығыстарды жоспарлау кезінде ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органның қорытындысы;

21) бюджеттік бағдарламалар әкімшісі штат санын ұлғайтуға Мемлекет басшысының не оның уәкілеттік беруімен Республика Президенті Әкімшілігінің келісімін растайтын құжатты;

22) жекелеген мемлекеттік қызметтерді көрсетуге, бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға және мемлекеттік тапсырма мен Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының және монополияға қарсы органның оң қорытындылары нысанында мемлекеттің әлеуметтік-

экономикалық тұрақтылығын және (немесе) мемлекеттің әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз етуге бағанытталған басқа да міндеттерді орындауға арналған ұсыныстарды;

23) заңды тұлғаларға арналған трансферттер бағанытталған бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстарды жоспарлау кезінде дербес білім беру ұйымдарының қамқорлық кеңестерінің шешімдерін;

24) осы Қағидаларға 92-қосымшаға сәйкес нысан бойынша форум, семинар, конференция өткізуге паспорт;

25) бюджеттік инвестициялық жобаларға, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға және (немесе) ұлғайтуға, бюджеттік субсидияларға мәлімделген шығыстардан экономикалық әсерді бағаналау;

26) ведомстволық бюджеттік комиссиялардың хаттамалары;

27) ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтардағы және 1 сәуірдегі жағдай бойынша алдыңғы бюджеттік инвестициялардың қорытындылары бойынша қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы квазимемлекеттік сектор субъектісі пайдаланбаған үнемдеу қаражаты және (немесе) бюджетке қайтарылмаған үнемдеу қаражаты туралы ақпарат;

28) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар сұрататын басқа да қажетті ақпаратты.

78. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі (құпия сипаттағы және қызмет бабында пайдалануға арналған бюджеттік сұранымды қоспағанда) бюджеттік сұранымды мемлекеттік жоспарлау ақпараттық жүйесі арқылы бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға енгізеді.

79. Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бюджеттік сұранымды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесін пайдалану арқылы не электрондық жеткізгіштерде электрондық құжат түрінде енгізеді.

«Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келетін ақпараттық жүйе болған кезде жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бюджеттік сұранымды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның ақпараттық жүйесі арқылы енгізеді.

80. Ведомстволық бюджет комиссиясының оң ұсынысы бар кезекті жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламасының паспортына бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бөлінісінде бюджеттік бағдарламалар паспорттарының нысаналы индикаторлары мен түпкілікті нәтижелерінің тізбесін, түпкілікті нәтижелерді таңдаудың дұрыстығы, мемлекеттік органның даму жоспарының нысаналы индикаторлары бар бюджеттік бағдарламалар паспорттарында көзделген түпкілікті нәтижелердің өзара байланыстылығы тұрғысынан қарау қорытындылары бойынша қорытындыны қалыптастыру үшін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға шығыстар лимиттері жеткізілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қойылады және ұсынылады.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламалар паспорттарына мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысы мемлекеттік органдардың даму жоспарларының мақсаттарына қол жеткізу жөніндегі және бюджеттік бағдарламалар паспорттарының түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізу жөніндегі қызметінің тиімділігін бағалау қорытындылары, сондай-ақ сондай-ақ даму жоспарларын әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджеттік бағдарламаларының паспорттары үшін мақсаттар мен нысаналы индикаторлардың басымдығы және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бөлінісінде бюджеттік бағдарламалар паспорттарының нысаналы индикаторлары мен түпкілікті нәтижелерінің тізбесі ескеріле отырып қалыптастырылады және ағымдағы қаржы жылының 5 шілдесінен кешіктірмей бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жіберіледі.

81. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның Кодекстің 35-бабына сәйкес қалыптастырылатын мемлекеттік органдардың даму жоспарларына және мемлекеттік органдардың даму жоспарларын әзірлейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының паспорттарына қорытындыларын, Кодекстің 45-бабына сәйкес жүргізілетін бюджеттің атқарылуын талдау, мониторинг нәтижелерін, Кодекстің 43-бабына сәйкес жүргізілетін шығыстарға бюджеттік шолу қорытындыларын ескере отырып, мемлекеттік органның даму жоспарын әзірлейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік сұранымын:

Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасына,  
әлеуметтік-экономикалық даму болжамына;

функцияларына, өкілеттіктері мен құзыреттері;

бюджеттік бағдарламалар паспорттары іс-шараларының бюджеттік  
бағдарламалар паспорттарының түпкілікті нәтижелеріне;

жоспарланатын бюджет қаражатының көлеміне іс-шаралардың сәйкестігі  
тұрғысынан қарайды.

82. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган:

бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының  
паспорттарын түпкілікті нәтижелерді дұрыс таңдау, бюджеттік бағдарламалардың  
паспорттарында көзделген түпкілікті нәтижелерді облыстың, республикалық  
маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының нысаналы индикаторларымен  
өзара байланыстырудың болуы тұрғысынан қарайды және Кодекстің 45-бабына  
сәйкес жүргізілетін бюджеттің атқарылуын талдау, мониторинг нәтижелерін,  
Кодекстің 43-бабына сәйкес жүргізілетін шығыстарға бюджеттік шолу  
қорытындыларын ескере отырып, Кодекстің 37-бабына сәйкес жасалатын  
облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарына  
өңірлік саясат жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындыларын және  
облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының  
өзін, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бөлінісінде бюджеттік бағдарламалар  
паспорттарының нысаналы индикаторлары мен түпкілікті нәтижелерінің тізбесін  
және жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің паспорттарына  
қорытынды қалыптастырады;

жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік сұранымын:

Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасына, облыстың,  
республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму  
болжамына сәйкестігі;

функцияларына, өкілеттіктері мен құзыреттеріне сәйкестігі;

түпкілікті нәтижелерді дұрыс таңдау;

бюджеттік бағдарламалардың паспорттарында көзделген түпкілікті нәтижелерді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бекітілген даму жоспарының немесе даму жоспарының жобасымен өзара байланыстырудың болуы;

түпкілікті нәтижелердің шынайылығы мен қол жетімділігі;

бюджеттік бағдарламалар паспорттарының іс шараларының түпкілікті нәтижелерге сәйкестігі;

бюджеттік бағдарламалар паспорттары іс-шараларының жоспарланған бюджет қаражатының көлеміне сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

Мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бекітілген даму жоспарының немесе даму жоспары жобасының нысаналы индикаторларына қол жеткізу үшін бюджет қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда нысаналы индикаторға қол жеткізу үшін қажетті сома мен түпкілікті нәтижеге (түпкілікті нәтижелерге) қол жеткізу үшін бюджеттік бағдарламаның паспорттыңда көзделген сома айырмасына бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның және (немесе) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органның қорытындысында шығыстардың, оның ішінде жоспарлы кезеңде бюджет қаражатын бөлу мүмкін болмайтын мемлекеттік инвестициялық жобалар шығыстарының тізбесі айқындалады.

83. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган және (немесе) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті орган бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік сұранымдарын қарау қорытындылары бойынша қорытындылар қалыптастырады және тиісті бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

84. Ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджетті нақтылау және түзету кезінде республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік сұранымдарын орталық уәкілетті органға ұсынады, бұдан әрі бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бес жұмыс күні ішінде бюджеттік сұранымдарды қарайды, олар бойынша қорытындылар дайындайды және Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Республикалық бюджет комиссиясының ұсынысын ескере отырып, Республикалық бюджет

комиссиясының отырысынан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға түпкілікті бюджеттік сұранымдарды ұсынады.

85. Ағымдағы қаржы жылына арналған жергілікті бюджетті нақтылау және түзету кезінде жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік сұранымдарын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынады, одан әрі мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган бес жұмыс күні ішінде бюджеттік сұранымдарды қарайды, олар бойынша қорытындылар дайындайды және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет комиссиясының немесе әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі аппаратының, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет комиссиясының немесе әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі аппаратының, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясының ұсынысын ескере отырып, бюджет комиссиясының отырысынан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға түпкілікті бюджеттік сұранымдарды ұсынады.

86. Егер жекелеген бюджеттік бағдарламалар бойынша ағымдағы қаржы жылының шығыстар сомасы республикалық бюджет туралы заңда немесе жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімінде осы бағдарламалар бойынша бекітілген сомамен салыстырғанда өзгермейтін болса, онда осы бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша есеп айырысулар ұсынылмайды.

87. Бюджетті нақтылау немесе түзету кезінде, бюджетті түзетуге байланысты тиісті бюджеттік бағдарламаларды біріктіру, бөлу, қысқарту (ұлғайту), беру кезінде бюджет қаражаты жаңа бюджеттік бағдарламалар бойынша бөлінген жағдайда, мемлекеттік органдар мен оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер құрылған, таратылған, қайта ұйымдастырылған, қаржыландыру көлемі өзгере отырып, функциялары мен штат санының лимиттері өзгерген жағдайларда бюджеттік сұранымды әзірлеу осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

88. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган тиісті бюджет комиссиясының ұсыныстары негізінде мақсаттар, нысаналы индикаторлар мен түпкілікті нәтижелер, оларға қол жеткізу дәрежелері және көзделген бюджет қаражатымен өзара байланысы туралы сандық мәліметтер қамтылатын тиісті бюджеттің бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының паспорттары туралы біріктірілген жиынтық ақпаратты қалыптастырады.

89. Мемлекеттік органның даму жоспарын әзірлейтін, мемлекеттік органның даму жоспарын әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік сұранымын республикалық бюджет бекітілгеннен кейін бюджеттік бағдарламалар әкімшісі ағымдағы қаржы жылының 30 желтоқсанына дейін пысықтайды және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

90. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттік бағдарламалары әкімшілерінің бюджеттік сұранымы тиісті жергілікті бюджеті бекітілгеннен кейін ағымдағы қаржы жылының 30 желтоқсанына дейін пысықталады және тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің басшысы қол қояды және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органға ұсынылады.

91. Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттік бағдарламалары әкімшілерінің бюджеттік сұранымы аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттері бекітілгеннен кейін ағымдағы қаржы жылының 30 желтоқсанына дейін пысықталады және тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің басшысы қол қояды және тиісті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынылады.

92. Жоғары тұрған бюджеттен нысаналы трансферттер және (немесе) бюджеттік кредиттер есебінен іс-шараларды іске асыруға бағытталған бюджеттік сұранымға ағымдағы қаржы жылының 30 желтоқсанына дейін төмен тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалары әкімшісінің басшысы қол қояды.

93. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларының бюджеттік сұранымы тиісті жергілікті бюджет

бекітілгеннен кейін ағымдағы қаржы жылының 30 желтоқсанына дейін тиісті тексеру комиссиясының төрағасы қол қояды.

94. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) мәслихаттары аппараттарының бюджеттік сұранымы тиісті жергілікті бюджет бекітілгеннен кейін ағымдағы қаржы жылының 30 желтоқсанына дейін пысықталады және тиісті мәслихаттың хатшысы қол қояды.

95. Бюджеттік бағдарламалардың паспорттарына бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бастамасы бойынша бюджеттік бағдарлама бойынша қаржыландырудың жылдық көлемі өзгертілмей, мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдардың келісімінсіз немесе бюджетті атқару барысында бюджет қаражаты үнемдеу қалыптасқан жағдайларда мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның келісімі бойынша өзгерістер енгізіледі:

республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қаражатты республикалық бюджеттік инвестициялық жобалар арасында белгіленген тәртіппен Республикалық бюджет комиссиясында міндетті түрде қарай отырып, бір бюджеттік бағдарлама шегінде қайта бөлуге құқылы;

жергілікті атқарушы органдар қаражатты жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалар арасында, сондай-ақ республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің келісімі бойынша жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері есебінен қаржыландырылатын жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалар арасында бір бюджеттік бағдарлама шеңберінде тиісті бюджет комиссиясында белгіленген тәртіппен міндетті түрде қарай отырып, бір облыс шегінде қайта бөлуге құқылы.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік бағдарламаларға өз бастамасы бойынша өзгерістер енгізген кезде 3 (үш) жұмыс күні ішінде бюджеттік бағдарламалардың паспортына қол қойылған өзгерістерді тиісінше бюджетті атқару жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға хабарлама тәртібімен жібереді.

---

*Ескерту. 95-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 18.09.2025 № 510 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

---

96. Бюджеттік бағдарламалар паспорттары, бюджеттік бағдарламалар паспорттары туралы біріктірілген жиынтық ақпарат қол қойылған және қалыптастырылған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Кодекстің 40-бабына сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің интернет-ресурсына орналастырылады.

---

*Ескерту. 96-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 18.09.2025 № 510 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

---

Бюджеттік сұранымды жасау,  
ұсыну, қарау қағидаларына  
1-қосымша

\_\_\_\_\_ нысан

**Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі**  
**\_\_\_\_\_ ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН БЮДЖЕТТІК СҰРАНЫМ**

---

**(орталық атқарушы орган аппараты басшысының/  
мемлекеттік мекеме басшысының қолы)**

---

**(жауапты орындаушының деректері)**

**Бюджеттік сұранымды жасау,  
ұсыну, қарау қағидаларына  
2-қосымша**

\_\_\_\_\_ нысан

**Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қызметінің паспорты  
Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің коды және атауы  
\_\_\_ - \_\_ жылдарға**

1. Жетекшілік ететін саладағы/аядағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары;
  2. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қызметінің нормативтік-құқықтық негізі;
  3. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қызметінің мақсаттары мен нысаналы индикаторлары немесе функциялары, өкілеттіктері мен құзыреттері туралы мәліметтер;
  4. Жауапты орындаушы немесе бірлесіп орындаушы бюджеттік бағдарламалар әкімшісі болып табылатын, қызметтің күтілетін нәтижелері көрсетілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының тізбесін;
  5. Функцияларды, өкілеттіктерді, құзыреттерді іске асыруға жоспарланатын шығыстар көлемдерінің қысқаша сипаттамасын немесе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары;
- 1) Жоспарлы кезеңге арналған бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шығыстарының жалпы сомасы:

мың теңге

| Факт 20__ жыл | 20__ жылғы есепті кезең |             | Жоспарлы кезең |          |          |
|---------------|-------------------------|-------------|----------------|----------|----------|
|               | Бекітілген              | Нақтыланған | 20__ жыл       | 20__ жыл | 20__ жыл |
| 1             | 2                       | 3           | 4              | 5        | 6        |

- 2) Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі және оның ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметімен байланыстыра отырып, қызметі туралы мәліметтер

мақсаттармен және бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қызметінің көрсеткіштерін белгілейтін мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының, меншікті құжаттарының нысаналы индикаторларымен:

Ведомстволар, оның ішінде:

\_\_\_ – \_\_\_\_\_

\_\_\_ – \_\_\_\_\_

Ведомстволық бағынысты ұйымдардың жиынтығы

МҮН ТЕНҒЕ

| р/с                                     | Атауы                                  |                      | Дана бірлік | Қаржыландыру механизмі | Өлшем бірлігі | Факт 20__ | 20__ жылғы есепті кезең |             | Жоспарлы кезең |            |            |
|---|--|----------------------|-------------|------------------------|---------------|-----------|-------------------------|-------------|----------------|------------|------------|
|   |  |                      |             |                        |               |           | Бекітілген              | Нақтыланған | 20__ - жыл     | 20__ - жыл | 20__ - жыл |
| 1                                       | 2                                      | 3                    | 4           | 5                      | 6             | 7         | 8                       | 9           | 10             | 11         | 12         |
| Барлығы                                 |  |                      |             |                        |               |           |                         |             |                |            |            |
| 1.                                      | Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің атауы |                      |             |                        |               |           |                         |             |                |            |            |
| Бюджетпен өзара байланысты индикаторлар | Мақсаты:                               | Нысаналы индикатор 1 |             |                        |               |           |                         |             |                |            |            |
|   |  | Нысаналы индикатор 2 |             |                        |               |           |                         |             |                |            |            |
| 2.                                      | Ведомствоның атауы                     |                      |             |                        |               |           |                         |             |                |            |            |
| Бюджетпен өзара байланысты индикаторлар | Мақсаты:                               | Нысаналы индикатор 1 |             |                        |               |           |                         |             |                |            |            |
|   |  | Нысаналы индикатор 2 |             |                        |               |           |                         |             |                |            |            |

Орталық атқарушы органның аппарат басшысы/мемлекеттік мекеме басшысы

\_\_\_\_\_ (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Бас бухгалтер/қаржы-экономикалық бөлімінің бастығы

\_\_\_\_\_ (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Ескерту:

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қызметінің паспорты осы нысанға қосымшаға сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қызметінің паспортын толтыру жөніндегі түсіндірмелерге сәйкес толтырылады.

**Бюджеттік бағдарламалар  
әкімшісінің қызмет  
паспортының нысанына  
қосымша**

**Бюджеттік бағдарлама әкімшісі қызметінің паспортын толтыру бойынша  
түсіндірмелер**

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қызметінің паспорты мынадай талаптарға сәйкес жасалады:

1) «Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің коды және атауы» деген жолда бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің толық атауы және бірыңғай бюджеттік сыныптамаға сәйкес оның коды көрсетіледі;

ағымдағы қаржы жылынан кейінгі үш қаржы жылы Жоспарлы кезең болып табылады;

2) «Жетекшілік ететін саладағы/аядағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары» деген жолда саясаты жетекшілік ететін салаға немесе қызмет саласына бағдарланған және бағытталған елдің орнықты даму басымдықтарына сәйкес келетін ақпарат көрсетіледі;

3) «Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі» деген жолда осы бюджеттік бағдарлама шеңберінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілері жүзеге асыратын, сондай-ақ осы бюджеттік бағдарламаның қажеттілігін негіздейтін мемлекеттік функциялар мен өкілеттіктерді айқындайтын Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің тақырыптары, қабылданған күндері және тіркеу нөмірлері көрсетіледі.

Бұл ретте нормативтік құқықтық актілердің құрылымдық элементтері көрсетіледі;

4) «Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қызметінің мақсаттары мен нысаналы индикаторлары немесе функциялары, өкілеттіктері мен құзыреттері туралы мәліметтер» деген жолда жоғары тұрған құжаттардан немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында, қызмет бағыттарында айқындалатын

функцияларды, өкілеттіктерді және құзыреттерді жүзеге асырудан туындайтын бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің мақсаттары мен нысаналы индикаторлары көрсетіледі;

5) «Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының, қызмет нәтижелерін көрсете отырып, бюджеттік бағдарлама әкімшісі қызметінің көрсеткіштерін белгілейтін меншікті құжаттардың тізбесі» деген жолда қызметтің күтілетін нәтижелерін көрсете отырып, бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі жауапты орындаушы немесе бірлесіп орындаушы болып табылатын мемлекеттік жоспарлау жүйесі бойынша туындайтын жоғары тұрған, ұзақ мерзімді, құжаттардан декомпозицияланатын құжаттардың тізбесі көрсетіледі;

б) «Функцияларды, өкілеттіктер мен құзыреттерді немесе Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарын іске асыруға жоспарланған шығыстар көлемінің қысқаша сипаттамасы» деген жолда мыналар көрсетіледі:

а) бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бойынша шығыстардың жалпы сомасы мың теңгемен.

Кестеде өткен қаржы жылы үшін есепті деректер (нақты шығыстар) (1-баған), ағымдағы қаржы жылына бекітілген және нақтыланған жоспарлар (өзгеріс туралы барлық анықтамаларды ескере отырып, бекітілген жеке қаржыландыру жоспары) (2,3-баған) және алдағы жоспарлы кезеңге арналған болжамды деректер (4, 5 және 6-бағандар) келтіріледі.

б) бюджеттік бағдарлама әкімшісі және оның ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметі туралы мәліметтер даму жоспарының мақсаттары мен нысаналы индикаторларымен байланыстыра отырып бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің барлық ведомстволары (комитеттер, аумақтық бөлімшелер, квазимемлекеттік сектор субъектілері) көрсетіледі.

2-кестеде:

1 бағанда бюджеттік бағдарлама әкімшісі және оның ведомстволық бағынысты ұйымдарының реттік нөмірі көрсетіледі;

2 және 3-бағанда бюджеттік бағдарлама әкімшісі және оның ведомстволық бағынысты ұйымдарының атауы олардың мақсаттары мен мемлекеттік органның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының нысаналы индикаторлары көрсетіледі, мемлекеттік органның даму жоспарын

әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі мақсаттар мен міндеттерді Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалған функцияларға, өкілеттіктер мен құзыреттерге сәйкес айқындайды;

4 бағанда мемлекеттік органның штат бірліктері көрсетіледі;

5 бағанда қаржыландыру тетігі көрсетіледі;

6 бағанда өлшем бірлігі көрсетіледі;

7, 8, 9, 10, 11 және 12-бағандарда өткен қаржы жылы үшін есепті деректер (нақты шығыстар) (7-баған), ағымдағы қаржы жылына бекітілген және нақтыланған жоспарлар (өзгеріс туралы барлық анықтамаларды ескере отырып, бекітілген жеке қаржыландыру жоспары) (8, 9-бағандар) және алдағы жылға болжамды деректер келтіріледі Жоспарлы кезең (10, 11, 12-бағандар).

7) «Орталық атқарушы орган аппаратының басшысы/мемлекеттік мекеменің басшысы» деген жолда тегі, аты-жөні көрсетіледі және оған орталық атқарушы орган аппаратының басшысы (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы орган аппараты басшысының өкілеттігі жүктелген лауазымды адам), ал олар болмаған жағдайда – мемлекеттік мекеменің басшысы немесе ол уәкілеттік берген адам, мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесінің басшысы қол қояды оларды жасауға жауапты мекемелер, ал соңғысы болмаған кезде – тиісті бұйрықтармен міндеттерді орындау жүктелген адамдар.

**Бюджеттік сұранымды жасау,  
ұсыну, қарау қағидаларына  
3-қосымша**

\_\_\_\_\_ **НЫСАН**

**Бюджеттік бағдарламалар бойынша бюджеттік бағдарламалар  
паспорттары туралы агрегирленген жиынтық ақпарат  
Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің коды және атауы  
Жоспарлы кезең 20\_\_-20\_\_ жылдар**

**МЫҢ ТЕҢГЕ**

| Көрсеткіштердің атауы  | Факт<br>20__ж | 20__ жылғы есепті кезең |             | Жоспарлы кезең |          |          |
|--|---------------|-------------------------|-------------|----------------|----------|----------|
|  |               | Бекітілген              | Нақтыланған | 20__ жыл       | 20__ жыл | 20__ жыл |
| Жоғары тұрған құжаттардан туындайтын нысаналы индикаторға немесе қойылған міндетке қол жеткізу үшін қажеттіліктің жалпы сомасы.  |               |                         |             |                |          |          |
